

Көсемшеге арналған жаттығу

КӨСЕМШЕ (ДЕЕПРИЧАСТИЕ)

Деепричастие образуется путем присоединения к корню или основе глагола суффиксов. Деепричастия образуются 3 способами:

- 1) **-ып/ -іп /-п.** Мысалы: Әкесі қуан+**ып**, баласына қарады. «Отец, обрадовавшись, посмотрел на сына».
- 2) **-а, -е, -й.** Мысалы: Балалар Жаңа жылды асығ+**а** күтеді. «Дети ждут Новый год с нетерпением» .
- 3) **-қалы/-келі, -ғалы/ -гелі.** Мысалы: Мен мұнда сөйлес+**келі** келдім. «Я пришел сюда, чтобы поговорить». Ол саған бар+**ғалы** отыр. «Он собирается идти к тебе».

1-жаттығу. Оқыңыз және көсемшелердің жұрнағын сызықшамен бөліп жазыңыз.

Үлгі: Мен сені көргелі келдім.

1. Мен сені көргелі келдім. 2. Бұл университет ашылғалы екі жыл болды. 3. Туған күнімді асыға күтемін. 4. Қар жауып тұр. 5. Елге бармағалы көп болды. 6. Сенімен сөйлескелі келдім. 7. Жұмыс істей отырып баласын ойлайды. 8. Сен не жазып отырсың? 9. Мен саған оқулық әкеле жатырмын. 10. Ертең қайда жүргелі отырсыз? 11. Бала неге жылап отыр? 12. Әжеміз теледидардың қасында шұлық тоқып отыр. 13. Ол мені аяп отыр. 14. Терезені ашып, дене шынықтыру жаттығуларын орында. 15. Біз жаңа жоспар жасап отырмыз. 16. Меруерт ұялып үндемеді. 17. Мен оны көрмей кетпеймін. 18. Мектеп бітіргелі мұғалімдерін көрген жоқ. 19. Ол емтихан тапсырғалы бір ай өтті. 20. Су тамшылап тасты теседі.

2-жаттығу. Мына етістіктерден көсемшенің үш түрін жасаңыз.

Үлгі: көру-көр-е; ...

Үйрету, түсіну, жүру, тындау, жинау, кету, алу, беру, сезу, өту, жету, жасыру, келу, ойнау, тебу, кіру, жеу, пісу, жүргізу, сену, әкелу, қарау, сөйлеу, итеру, білу, бару, апару, жіберу, ұйықтау, ойлау.

Үлгі: жағу-жағ-ып; ...

Жағу, тосу, жеңу, ұшу, оқу, кию, кесу, билеу, жазалу, ашу, жабу, жию, шығару, жату, қалу, қану, жырту, бөлу, уайымдау, шатасу, озу, біту, жуу, қашу, шашу, салу, аралау, қосу, өлшеу, буу.

Үлгі: көру-көр-гелі; ...

Көру, сөйлесу, ішу, келу, табу, тапсыру, сөну, шығу, шақыру, үйрену, айту, араласу, толтыру, кету, көріну, жіберу, басу, өшіру, отыру, жазу, жырту, бату, қателесу, әңгімелесу, қону, өсу, бітіру, сұрау, туу.

3-жаттығу. Жақшадағы етістікке көсемше жұрнағын қосып оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

1. Сәния бұл кітапты (оқу) отыр. 2. Мен Абзалды (көру) тұрамын. 3. (Жазу) қой. 4. Мен саған бір көйлек (көрсету) жатырмын. 5. Жаңбыр (жауу) тұр. 6. Болат Сіздің үйіңізге (бару) жатыр. 7. Мұхтар жұмысты тез (істеу) жатыр. 8. Мен Жамалмен (танысу) келдім. 9. Сәбит Маралмен (сөйлесу) келді. 10. Балалар үйді (жинау) жүр. 11. Бекен сыныпқа бор (әкелу) жатыр. 12. Сен мына есікті (жабу) жүр. 13. Сабағымды (оқу) ешқайда бармаймын. 14. Әңгіме (есту) біз сені жібермейміз. 15. Менің жұмысым (аяқталу) қалды. 16. Мектеп (бітіру) кездескен жоқпыз.

4-жаттығу. Жақша ішіндегі етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз.

1. Мен жолдасыма (бару) жатырмын. 2. Еділ жолдасымен (сөйлесу) отыр. 3. Айдар шығарма (жаз) отыр. 4. Оны (көрмеу) көп болды. 5. Бала кереуетте (ұйықтау) жатыр. 6. Біз бұл кітапты (оқу) отырмын. 7. Студенттер жаттығуды (орындау) отыр. 8. Гүлнәр анасына сыйлық (алу) жатыр. 9. Бала (ояну) қалды. 10. Оқытушы бізбен (сөйлесу) келді. 11. Анам маған бірдеме (айту) отыр. 12. Мемлекеттік қызметкерлер аттестация (тапсыру) жатыр. 13. Мен саған әдейі (келу) жатырмын.

5-жаттығу. Мына етістіктерге көсемшенің жұрнағын жалғап, сөйлем құраңыз.

Оқу, сөйлесу, көру, айту, жұмыс істеу, тыңдау, өлшеу, асығу, сұрау.

6-жаттығу. Берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, көсемшенің түрін анықтаңыз.

1. Я приехал сюда, чтобы изучить французский язык. 2. Я пишу упражнение. 3. Прослушав магнитофон, студенты отвечают на вопросы учителя. 4. Готовясь к уроку/ Сен сабағыңды әзірлей отырып/, ты разговариваешь со своим товарищем. 5. Я выучила много слов наизусть. 6. Он собирается переводить предложение слово в слово. 7. Студенты собираются писать изложение. 8. Мы идем в лабораторию устной речи. 9. Открыв книгу, Тамирлан начал читать текст. 10. Перескажите рассказ!